

**Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 10/121 "2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Маңғыстау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 18 шілдедегі № 15/167 шешімі. Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 шілдеде № 11-5-85 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексі, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Қазақстан Республикасы Заңына және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 17 шілдедегі № 16/207 «Облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 10/116 «2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешіміне сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 10/121 «2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылы 8 қаңтарда № 11-5-64 болып тіркелген, аудандық «Жаңа өмір» газетінің 2009 жылғы 4 ақпандағы № 5-6 санында жарияланған), өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы» аудандық Мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 10/121 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 10 ақпандағы № 11/133 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылы 27 ақпанда № 11-5-70 болып тіркелген, аудандық «Жаңа өмір» газетінің 2009 жылғы 18 наурыздағы № 13-14 санында жарияланған), «2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы» аудандық Мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 10/121 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 15 сәуірдегі № 12/147 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылы 4 мамырда № 11-5-77 болып тіркелген, аудандық «Жаңа өмір» газетінің 2009 жылғы 13 мамырдағы № 22-23 санында жарияланған), «2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы» аудандық Мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 10/121 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 8 мамырдағы № 13/156 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылы 14 мамырда № 11-5-79 болып тіркелген, аудандық «Жаңа өмір» газетінің 2009 жылғы 27 мамырдағы №25 санында жарияланған), «2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы» аудандық Мәслихаттың 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 10/121 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» аудандық Мәслихаттың 2009

жылғы 22 маусымдағы № 14/162 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылы 2 шілдеде № 11-5-84 болып тіркелген, аудандық «Жаңа өмір» газетінің 2009 жылғы 8 шілдедегі № 32-33 санында жарияланған) өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2009 жылға арналған аудандық бюджет»  
1 қосымшаға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 3 632 763 мың теңге, оның ішінде салықтық түсімдер бойынша -2 191 833 мың теңге; салықтық емес түсімдер бойынша – 8 863 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер- 9 659 мың теңге; трансферттер түсімдер бойынша –1 422 408 мың теңге;
- 2) шығындар – 3 665 472 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо – 32 709 мың теңге;
- 4) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 32 709 мың теңге;
- 5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

2 - тармақта :

бірінші абзацтағы «0» деген сан «36,1» деген сандармен ауыстырылсын; төртінші абзацтағы «0» деген сан «36,6» деген сандармен ауыстырылсын.

3 - тармақта :

«72 978» деген сандар «59 298» деген сандармен ауыстырылсын.

4 - 1 - тармақта :

«65 469» деген сандар «126 463» деген сандармен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзацтағы «250 000» деген сандар «325 703» деген сандармен ауыстырылсын .

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын .

2. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Сессия төрағасы*

*Ш. Шохиев*

*мәслихатының хатшысы м.а.*

*Маңғыстау*

*аудандық*

*К. Беспаяв*

**К Е Л І С І Л Д І :**

**Нұржаубай      Ғабиден      Өтелгенұлы**  
**Аудандық экономика және қаржы**  
**бөлімінің бастығының м.а.**

18 шілде 2009ж

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК